

Жалпы ата-аналар жиналысы

ХАТТАМА №1

Күні: 12.09. 2024 жыл

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтер, ата-аналар

Жиналыстың тақырыбы:

«Балабақша жұмысымен таныстыру»

Күн тәртібі:

1. Ата-аналарды балабақшаның жұмыс жоспарымен таныстыру.
2. Балабақшаның жұмыс бағыты, жылдық міндеттері және тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдап алынған жобалар тақырыптарымен таныстыру.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова ата-аналарға жаңа оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарымен таныстырды. Жиналыс барысында балабақшаның негізгі мақсаты – тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, жан-жақты дамуына жағдай жасау, сапалы тәрбие мен білім беру процесін ұйымдастыру екендігі айтылды. Ата-аналарға балабақшаның күн тәртібі, тәрбиелеу-білім беру процесінің ұйымдастырылуы, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ата-аналармен ынтымақтастық бағытындағы жұмыстар туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар балабақша ұжымының жаңа оқу жылында атқаратын негізгі міндеттері таныстырылды.

2-мәселе бойынша тыңдалды: Балабақша әдіскері Садуахасова Ж. балабақшаның жұмыс бағыттары, жылдық міндеттері және жас ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылатын жобалар туралы таныстырылым жасады.

Балабақшаның негізгі жұмыс бағыттары:

- балалардың денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- балалардың танымдық, шығармашылық, тілдік және әлеуметтік дағдыларын дамыту;
- ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру;
- ойын арқылы оқыту әдістерін тиімді пайдалану;
- ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты дамыту.

Жылдық міндеттер:

- тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін ескере отырып, дамуына жағдай жасау;
- заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану;
- дамытушы ортаны жетілдіру;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру;
- отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайту.

Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалған жобалар тақырыптарымен ата-аналар таныстырылды. Жобалардың мақсаты – балалардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, қоршаған ортамен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Ата-аналарға жобаларды жүзеге асыру барысында олардың қолдауы мен белсенді қатысуының маңыздылығы түсіндірілді.

Қаулы:

1. Ата-аналар балабақшаның жаңа оқу жылындағы жұмыс жоспарымен таныстырылсын.
2. Балабақшаның жұмыс бағыты мен жылдық міндеттері назарға алынсын.
3. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес алынған жобаларды жүзеге асыруға ата-аналар қолдау көрсетсін.
4. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық жұмысы жүйелі түрде жалғастырылсын.



Төрайымы:

Хатшы:

Г.Алмағанбетова

А.Назарова

Жалпы ата-аналар жиналысы

ХАТТАМА №2

Күні: 23.01. 2025 жыл

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтер, ата-аналар

Жиналыстың тақырыбы: «Балабақша–отбасы ынтымақтастығы»

Жиналыстың мақсаты: Балабақша мен отбасы арасындағы өзара байланысты нығайту, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті арттыру, өзекті тәрбие мәселелерін бірлесіп талқылау.

Күн тәртібі:

1. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың маңызы.
2. Бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелерді талқылау.
3. Ата-аналарға педагогикалық кеңес беру және ұсыныстар.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова балабақша мен отбасы арасындағы тығыз байланыстың бала тәрбиесіндегі маңызы туралы баяндама жасады. Бала тәрбиесі – балабақша мен ата-ананың бірлескен жұмысы екендігі айтылды. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына отбасы тәрбиесі мен балабақшадағы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстардың өзара үйлесімділігі маңызды екені атап өтілді. Ата-аналарға баланың балабақшадағы күнделікті әрекеті, тәртібі, қарым-қатынас мәдениеті және дамуына қолдау көрсету жолдары түсіндірілді.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

Әдіскер/тәрбиеші Садуахасова Ж. бала тәрбиесіне байланысты өзекті мәселелер бойынша ақпарат берді.

Талқыланған мәселелер:

- баланың жас ерекшелігіне сай талап қою;
- баланың өздігінен әрекет ету дағдыларын қалыптастыру;
- сөйлеу мәдениетін дамыту;
- баланың эмоционалдық жағдайына көңіл бөлу;
- қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- гаджеттерді тиімді пайдалану;
- балаға жағымды психологиялық орта қалыптастыру.

Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, бала тәрбиесіне қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Педагогтер тарапынан ата-аналардың сұрақтарына жауап берілді.

3-мәселе бойынша тыңдалды: Ата-аналарға баланың дамуына қолайлы жағдай жасау, балабақша педагогтерімен үнемі байланыста болу, баланың жетістіктерін қолдау жөнінде кеңестер берілді. Баланың тәрбиесі мен білім алуында ата-ана мен педагог арасындағы сенімді қарым-қатынастың маңыздылығы атап өтілді.

Қаулы:

1. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық жұмысы жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Ата-аналар балабақша ұйымдастыратын тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатыссын.
3. Бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер бойынша ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсетілсін.
4. Баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында ата-ана мен педагогтің бірлескен жұмысы күшейтілсін.



Г.Алмағанбетова

А.Назарова

Жалпы ата-аналар жиналысы

ХАТТАМА №3

Күні: 20.05.2025 жыл

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтер, ата-аналар

Жиналыстың тақырыбы: «Оқу жылының қорытындысы»

Күн тәртібі:

1. Тәрбиеленушілердің дайындық сапасы туралы (қорытынды мониторинг нәтижесі бойынша).
2. Балалардың жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарын талдау және бекіту.

1-мәселе бойынша тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова оқу жылы барысында атқарылған жұмыстардың қорытындысы және тәрбиеленушілердің дайындық сапасы туралы есеп берді. Оқу жылы ішінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесі ұйымдастырылып, олардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық және дене шынықтыру дағдыларын дамыту бағытында жұмыстар жүргізілді. Тәрбиеленушілердің даму деңгейін анықтау мақсатында қорытынды мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижесінде балалардың білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейі сараланды.

Қорытынды нәтижелер бойынша:

- балалардың оқу әрекетіне қызығушылығы қалыптасқаны;
- қарым-қатынас жасау, өз ойын жеткізу дағдылары дамығаны;
- шығармашылық және танымдық белсенділіктері артқаны;
- өзіне-өзі қызмет ету және әлеуметтік дағдылары жетілгені анықталды.

Ата-аналарға балалардың жетістіктері туралы ақпарат беріліп, мектепке дейінгі кезеңде қалыптасқан дағдыларды әрі қарай дамыту бойынша ұсыныстар айтылды.

Қаулы:

1. Тәрбиеленушілердің қорытынды мониторинг нәтижелері назарға алынсын.

2. Балалардың даму көрсеткіштерін жетілдіру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
3. Ата-аналар балалардың білімге қызығушылығын арттыруда педагогтермен бірлескен жұмысты жалғастырсын.

2-мәселе бойынша тыңдалды: Балабақша медбике _____ балалардың жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңіне арналған жоспарымен таныстырды.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру шараларын ұйымдастыру, қимыл белсенділігін арттыру және жазғы кезеңді қауіпсіз әрі тиімді өткізу.

Жоспарда төмендегі бағыттар қамтылған:

- таза ауада серуендеу және қимылды ойындар ұйымдастыру;
- шынықтыру жаттығуларын өткізу;
- денсаулықты нығайту шараларын жүргізу;
- шығармашылық және танымдық іс-шараларды ұйымдастыру;
- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Ата-аналарға жаз мезгілінде балалардың күн тәртібін сақтау, денсаулығын күту, қауіпсіздік ережелерін орындау жөнінде кеңестер берілді.

Жазғы сауықтыру жоспары ата-аналар тарапынан талқыланып, ұсыныстар қабылданды.

Қаулы:

1. Балалардың жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бекітілсін.
2. Тәрбиешілер жазғы кезеңдегі іс-шараларды бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырсын.
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптары қамтамасыз етілсін.
4. Ата-аналар балалардың жазғы сауықтыру шараларына қолдау көрсетсін.



Төрайымы:

Хатшы:

Г. Алмағанбетова

А. Назарова

